

**Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі**

**Азаматтық қоғам істері комитеті**

**Барлық деңгейдегі қоғамдық кеңестер үшін  
азаматтарға арналған  
ҚОҒАМДЫҚ КОНСУЛТАЦИЯЛАРДЫ  
ұйымдастыру және өткізу бойынша  
ҰСЫНЫМДАР**

**Астана қаласы, 2024 жыл**

## ■ Азаматтар үшін қоғамдық консультациялардың өзектілігі

Мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылын күшейту мақсатында халық үшін неғұрлым өзекті мәселелер бойынша қоғамдық кеңестер арқылы **ҚОҒАМДЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР** өткізу практикасын енгізу маңызды болып табылады.

**Қоғамдық консультациялар** - бұл қоғамдық кеңестердің азаматтарға, қоғамдық және кәсіби ұйымдарға, мысалы, нормативтік құқықтық актілерге (олардың өзгеруіне немесе жаңаларын қабылдауға), инвестицияларға немесе азаматтардың күнделікті өміріне әсер ететін басқа бастамаларға қатысты өз ниеттерін білдіретін процесс.

**Қоғамдық консультациялар** тек осы жоспарларды ұсынумен ғана шектелмейді, сонымен қатар мемлекеттік басқару органдары ұсынған шаралар қандай да бір жолмен тікелей немесе жанама түрде әсер ететін азаматтардан оларды толықтыру және өзгерту жөніндегі пікірлерді, түсініктемелерді, ұсынымдарды тыңдауға ықпал етеді.

## ■ ҚОҒАМДЫҚ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР өткізу тетіктері

Қоғамдық кеңестер қызметінің мақсаты қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру болып табылатынын ескере отырып, Қоғамдық кеңес отырысында әлеуметтік желілерде немесе БАҚ-та жарияланатын тоқсанына кемінде бір рет **Қоғамдық консультациялар өткізу кестесін** әзірлеу және бекіту ұсынылады.

Қоғамдық консультациялар өткізу барысында азаматтарға әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңестер тарапынан қабылданатын шаралар туралы уақтылы хабарлау қажет.

## ■ Қоғамдық консультациялар өткізу алгоритмі

**1-қадам.** Қоғамдық кеңес өз отырысында халықты толғандыратын неғұрлым өзекті мәселелер бойынша азаматтармен қоғамдық консультациялар өткізу туралы шешім қабылдайды.

**2-қадам.** Қоғамдық кеңес отырыста азаматтармен қоғамдық консультациялар өткізілетін мәселелердің тізбесін бекітеді.

**3-қадам.** Азаматтарды әлеуметтік желілердегі немесе БАҚ-тағы жарияланымдар арқылы қоғамдық консультациялар өткізу туралы хабардар ету.

**4-қадам.** Азаматтармен тікелей қоғамдық консультациялар өткізуді ұйымдастыру.

**5-қадам.** Қоғамдық кеңес қоғамдық консультациялар өткізу барысында азаматтардан келіп түскен ұсыныстар мен ұсынымдардың тізбесін қалыптастырады.

**6-қадам.** НҚА жобалары бойынша қоғамдық консультациялар өткізілген жағдайда Қоғамдық кеңестің ұсыным жобасы азаматтар тарапынан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып жасалады.

**7-қадам.** Қоғамдық кеңес әлеуметтік желілердегі немесе БАҚ-тағы жарияланымдар арқылы қоғамдық консультациялар өткізу қорытындылары бойынша азаматтарды өз ұстанымдары туралы хабардар етеді.

## ■ Қандай жағдайларда Қоғамдық консультациялар өткізілуі мүмкін?

### ■ *қоғамдық сараптаманы жүзеге асыру барысында*

Қоғамдық кеңестер туралы заңнамаға сәйкес қоғамдық кеңестердің өкілеттіктеріне азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарау кіреді.

Қоғамдық консультациялар барысында қоғамдық кеңестердің мүшелері азаматтарға осы актіні қабылдаудың болжамды қолайлы әлеуметтік әсері туралы түсіндіреді.

Қоғамдық консультациялар өткізу үшін қажетті қосымша ақпаратты қоғамдық кеңестердің мүшелері мемлекеттік органдардан сұратады.

### ■ *өтініштерді қарау барысында*

Заңнамаға сәйкес әрбір Қоғамдық кеңес мемлекеттік органның немесе тиісті өңірдің тиісті қызмет саласының қоғамдық маңызы бар мәселелері бойынша өтініштерді қарауға уәкілетті.

Азаматтардың проблемаларын оң шешу мақсатында азаматтардың өтініштерін қарау барысында Қоғамдық кеңес мүшелері дәлелді ұстанымдарды түсіндіру үшін азаматтармен қоғамдық консультациялар өткізе алады.

### ■ *Қоғамдық кеңес мүшелерінің азаматтарды қабылдауы барысында*

Азаматтарды жеке қабылдауды өткізу барысында Қоғамдық кеңестің мүшелері азаматтарды мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөніндегі Қоғамдық кеңестің қызметі туралы хабардар етеді.

**Министерство культуры и информации  
Республики Казахстан**

**Комитет по делам гражданского общества**

**РЕКОМЕНДАЦИИ  
для общественных советов  
всех уровней по организации и проведения  
ОБЩЕСТВЕННЫХ КОНСУЛЬТАЦИЙ  
для граждан**

**г. Астана, 2024 год**

## ■ Актуальность **ОБЩЕСТВЕННЫХ КОНСУЛЬТАЦИЙ** для граждан

В целях усиления взаимодействия государственных органов и гражданского общества является важным внедрение практики проведения **ОБЩЕСТВЕННЫХ КОНСУЛЬТАЦИЙ** через общественные советы по наиболее актуальным для населения вопросам.

**Общественные консультации** - процесс, в ходе которого общественные советы представляют гражданам, общественным и профессиональным организациям свои намерения, например, в отношении нормативных правовых актов (их изменений или принятия новых), инвестиций или иных инициатив, которые будут оказывать влияние на повседневную жизнь граждан.

**Общественные консультации** не ограничиваются лишь представлением этих планов, но и служат для выслушивания мнений, комментариев, рекомендаций по их дополнению и изменению от граждан, на которых тем или иным образом, прямо или косвенно, повлияют меры, предложенные органами государственного управления.

## ■ Механизмы проведения **ОБЩЕСТВЕННЫХ КОНСУЛЬТАЦИЙ**

Учитывая, что целью деятельности общественных советов является выражение мнения гражданского общества по общественно-значимым мероприятиям рекомендуется разработать и утвердить на заседании Общественного совета **График проведения общественных консультаций** не менее одного раза в квартал, который публикуется в социальных сетях или СМИ.

В ходе проведения общественных консультаций необходимо своевременно доносить до граждан о мерах предпринимаемых со стороны общественных советов по взаимодействию с государственными органами по решению социально-экономических проблем.

## **Алгоритм проведения ОБЩЕСТВЕННЫХ КОНСУЛЬТАЦИЙ**

**Шаг 1.** Общественный совет на заседании принимает решение о проведении общественных консультаций с гражданами по наиболее актуальным вопросам, волнующим население.

**Шаг 2.** Общественный совет на заседании утверждает перечень вопросов, по которым будут проведены общественные консультации с гражданами.

**Шаг 3.** Информирование граждан о проведении общественных консультаций через публикации в социальных сетях или СМИ.

**Шаг 4.** Организация непосредственного проведения общественных консультаций с гражданами.

**Шаг 5.** Общественный совет формирует перечень предложений и рекомендаций, поступивших от граждан в ходе проведения общественных консультаций.

**Шаг 6.** В случае проведения общественных консультаций по проектам НПА проект рекомендации Общественного совета составляется с учетом предложений, поступивших со стороны граждан.

**Шаг 7.** Общественный совет информирует граждан о своей позиции по итогам проведения общественных консультаций через публикаций в социальных сетях или СМИ.

## **В каких случаях могут проводиться общественные консультации?**

### ***в ходе осуществления общественной экспертизы***

В соответствии с законодательством об общественных советах, в полномочия общественных советов входят **рассмотрение проектов нормативных правовых актов**, касающихся прав, свобод и обязанностей граждан.

В ходе общественных консультаций члены общественных советов разъясняют гражданам о предполагаемом благоприятном социальном эффекте от принятия данного акта.

Дополнительную информацию, необходимую для проведения общественных консультаций, члены общественных советов запрашивают у государственных органов.

### ***в ходе рассмотрения обращений***

В соответствии с законодательством каждый Общественный совет уполномочен рассматривать обращения по общественно значимым вопросам соответствующей сферы деятельности государственного органа или соответствующего региона.

В целях положительного решения проблем граждан в ходе рассмотрения обращений граждан членами общественных советов могут проводиться общественные консультации с гражданами для разъяснения аргументированных позиции.

### ***в ходе приема граждан членами общественных советов***

В ходе проведения личного приема граждан члены Общественного совета информируют граждан о деятельности Общественного совета по решению социально-экономических проблем во взаимодействии с государственными органами.